

М.Ю. Камалов, Ю.Н. Камалов

*М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
(E-mail: kamalov.8383@mail.ru)*

Педагогтың әдістемелік құзыреттілігі және оны жетілдіру жолдары

Мақалада педагогтың әдістемелік құзыреттілігі және оны жетілдіру жолдары қарастырылған. Педагогтың әдістемелік қызметін (модельдеу, жобалау, құрылымдау, оқу үдерісін дидактикалық қамтамасыз ету, оқыту және оқу үдерісін үйлестіру) әрі қарай жетілдіруге бағытталған кәсіби қызметтің жеке түрі ретінде қарастырылып көрсетілген. Сонымен қатар педагогтың әдістемелік қызметінің функционалдық ерекшеліктері көрсетілген. Кәсіптік білім беру үдерісіндегі оқытушының әдістемелік құзыреттілігін құраушы білімдер жүйесінде ерекше мәнге ие болатын төмендегідей бағыттағы білімдер топтамасы анықталған, олар: пәндік, психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік білімдер топтамасы болып үш бағыттағы білімдер жүйесін түзеді. Әдістемелік білім меншігіндегі білімдер топтамасы құзыреттіліктер бойынша екі топқа бөлініп қарастырылған: жалпы-әдістемелік және жеке-әдістемелік білімдер. Мақаланың мазмұнында жалпы әдістемелік пәндердің ішіне кіретін әдістемелік жалпы құрылымдарын басшылыққа алатын идеялар, формалар, әдістер, қағидалар, жүйелер және кәсіби білім, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру мен дамытуға бағытталған құралдар анықталған. Сонымен қатар авторлар оқыту үдерісінің мақсаттары мен міндеттеріне негізделген нақты оқылатын тақырыптың құрылымын, мазмұнын және әдістемесін қарастыратын жеке әдістемелік білімдер топтамасын көрсеткен. Белгілі болғандай, әдістемелік іскерліктердің педагогқа оқыту үдерісінің мақсаттары мен міндеттеріне негізделген оқыту материалдарының мазмұнын жылдам әрі сапалы түрде жобалауға және құрылымдауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: әдістемелік құзыреттілік, пәндік білім, әдістемелік білім, әдістемелік іскерлік, әдістемелік қызметтің функциялары, жалпы әдістемелік білімдер, жеке әдістемелік білімдер.

Қоғамның қазіргі даму үдерісінде білім саласы адам қызметінің ең көлемді және ең қажетті аймақтарының біріне айналып отырғаны белгілі. Білім саласының әлеуметтік рөлі де ерекше мәнге ие болуда: оның бағыттылығы мен тиімділігіне сәйкес адамның даму перспективалары да өзгеріп отырады. Яғни адамның коммуникациялық әлеуметтік-мәдени кеңістікке енуіндегі ең негізгі факторлардың бірі оның білімділік деңгейіне байланысты болады. Әсіресе бұл сан алуан өзгерістерге толы педагогикалық білім беру саласына да тән.

Соның бір ғана тармағы елімізге қажетті, бәсекеге қабілетті, функционалдық сауатты, әлеуметтік құнды сапаларды гармониялық үйлесімді негізде бойына сіңірген болашақ педагог кадрларын дайындау өзекті, кезек күттірмейтін мәселе екендігі де белгілі.

Десекте, жаңа тұрпаттағы педагог-кадрларын дайындау үдерісі жан-жақты мазмұндық және процессуалдық мәселелерді шешуді көздейді. Жаңа мазмұндағы педагог кадрларын дайындаудың мемлекеттік стандарттарына сай дайындалған мамандықтардың модульдік білім беру бағдарламалары болашақ педагогтардың өз саласында жоғары құзыреттілікке ие болуын көздейді. Сондай түйінді құзыреттіліктердің қатарында болашақ педагогтың әдістемелік дайындығы нәтижелі деңгейде қарастырылады.

Болашақ педагогтың әдістемелік іс-әрекетке негізделген қызметін құзыретті деңгейде орындау үшін белгілі бір жүйе негізінде анықталған білімдер және іскерліктер топтамасын меңгеруді қажет етеді. Педагог мінездемесіндегі ең негізгі факторлардың бірі оның өзі қызмет атқаратын әлеуметтік ортадағы құзыреттілігі болып есептелінеді. Яғни түрлі туындаған кәсіби проблемаларды шешудің технологияларын меңгеріп, сонымен қатар өзінің бойында жүйеленіп жинақтаған білімін іс жүзінде пайдалана алу керек.

Білім беру мекемелеріндегі әдістемелік қызмет педагогтың үздіксіз кәсіптік білім жүйесінің бір бөлігі болып есептелінеді. Педагогикалық әдебиеттерді [1–3] талдау нәтижесі педагогтың әдістемелік қызметіне үш түрлі көзқарастың бар екендігін байқатады. Олар:

1. Педагогтың жүйелі негізде өз бетінше оқып-үйренуі, оқу-тәрбие жұмыстарын үйлестіру мақсатында өзінің дидактикалық және әдістемелік дайындық деңгейін жетілдіруі білімгердерді оқытудың және тәрбиелеудің тиімді әдістері мен тәсілдерін, формаларын меңгеруі және жинақтаған педагогикалық тәжірибесімен алмасуы арқылы орындалады.

2. Педагогтың нақты бір білім беру аймағында өзінің теориялық және практикалық деңгейін жетілдіруі, яғни, педагогтың оқу пәні бойынша әдістемелік және оқыту қызметінің арнайы ерекшелігі ескерілмейді, олар тек синонимдер ретінде қарастырылады.

3. Педагогтың кәсіптік білім беруді дамытудың өзекті мәселелерін семинарларда, дөңгелек столдарда, конференцияларда, ғылыми зерттеулерді жүргізуге белсенді қатысуы негізінде жүзеге асырылады.

Демек, педагогтың әдістемелік қызметін (модельдеу, жобалау, құрылымдау, оқу үдерісін дидактикалық қамтамасыз ету, оқыту және оқу үдерісін үйлестіру) әрмен қарай жетілдіруге бағытталған кәсіби қызметтің жеке түрі ретінде қарастыруға болады.

Жалпы педагогика ғылымындағы әдістемелік дайындық саласының өзіне тән функционалдық қызметі жүзеге асырылады. Олар төмендегідей бағыт бойынша қарастырылады:

Аналитикалық (талдау): оқыту үдерісін теориялық және іс-әрекет тұрғысынан әдістемелік талдау.

Жобалау: ұзақмерзімдік жоспарлау және оқыту мазмұнын түзіп жасау, оқыту қызметін жоспарлау және дайындау.

Құрылымдау: сабақтарды жоспарлау (мазмұнды іріктеу, оқу ақпаратын композициялық рәсімдеу), оқу материалын ұсынудың формасын анықтау.

Мәлишерлеу: білім беру мекемелерінің функционалдық ерекшеліктеріне сәйкес білім беру стандарттарының, оқу бағдарламаларының талаптарын қанағаттандыратын, білім беру үдерісіне қойылатын талаптарды жүзеге асырудың құралдарын анықтау және дайындау.

Зерттеушілік: әдістемелік мәселелерді шешуге бағытталған зерттеу жұмыстарын жүргізудің әдістемесі.

Осы орайда кәсіптік оқыту педагогы құзыреттілігі бірқатар іскерліктерді жүзеге асыруды көздейді. Олар: сабақтың мазмұнына сәйкес нақты мақсат қоя білу; сабақ барысында білім беру, тәрбиелеу және дамыту мәселелерін диалектикалық өзара байланыста және бірлікте шеше білу; білімгерлердің назарын оқу тақырыбына сәйкес мазмұнды оқу ақпараттарына аудара білу; білімгерлердің жас ерекшеліктері мен интеллектуалдық даму ерекшеліктерін ескере білу; оқыту үдерісінде оқушыларға жеке-дара және дифференциалдық қатынастарды пайдалана білу; педагогикалық мәселелерді шешу үдерісінде білімгерлермен өзінің қарым-қатынасын гумандық негізде жүзеге асыра білу; оқыту үдерісінде теория мен практиканы ұштастыра білу т.б.

Кәсіптік білім беру үдерісіндегі оқытушының әдістемелік құзыреттілігін құраушы білімдер жүйесінде ерекше мәнге ие болатын төмендегідей бағыттағы білімдер топтамасын анықтауға болады. Олар: пәндік, психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік білімдер топтамасы болып үш бағыттағы білімдер жүйесін түзеді.

Пәндік білімдер оқыту пәнінің мазмұндық сипатымен анықталады. Бұл білімдер теориялық және эмпирикалық деңгейде және өзіне тән мазмұндық ерекшеліктерге ие болады.

Әдістемелік құзыреттілік аясында оқытушылардың қызметі *оқу пәнінің* мазмұны мен жұмыс жасау кезінде келесідей мазмұнды мәселелер басшылыққа алынады:

– білім мазмұнының мәнділігіне көңіл бөлу, яғни білім еш уақытта бір орнында тұрып қалмайды, дамиды және ол күрделі бағыттар траекториясымен өзгеріп отырады. Білім мазмұны ғылыми таным мәнділігін түсіндіреді;

– білім мазмұны құндылықтардың жалпылама сипаттамасын көрсетеді және оқушыға таным пәні ретінде не ұсынылатынын оқытушы білуі керек;

– оқыту мазмұнында ұсынылатын білім құрамы мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сай болуы керек, яғни, кәсіби білімнің жалпы мәдени білімдер құраушыларына сәйкестікте болуы қадағалануы керек;

– оқушылардың танымдық қызметін дұрыс ұйымдастыру үшін, оқытушы білім мазмұнындағы оқу материалдарын ой елегінен өткізуі керек, яғни, білім беру үдерісінде репродукциядан шығармашылыққа бағыттайтын білім мазмұны басшылыққа алынуы керек;

– оқу материалының мазмұнымен жұмыс істеу барысында оқытушы оны бірнеше құрылымдарға бөліп талдаудан өткізуі керек.

Сонымен, әдістемелік құзыреттілік тұрғысынан оқытушының маңызды қызметтері болып оның оқу материалдарының мазмұнын түрлендіре алу қабілеттілігі, яғни оның оқушы қабылдай алатындай тетікке бағдарлай білуі керек. Мұндай тетікті төмендегідей төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. Тұлғалық мәнді жаңа мағынадағы білімді қабылдау деңгейіне дайын болу.
2. Дәстүрлі түрде ұйымдастырылған білім беру үдерісінің қарама-қайшылығын жеңе білуге және жаңа мағынадағы білімдерді қабылдауға, қарым-қатынастарды, өзіндік ұстанымдарды орындауға дайын болу.
3. Бар білімді қайта құрылымдау кезінде өзіндік ұйымдастыру қатынасын жүзеге асыруға дайын болу.
4. Өз пікірінді практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға дайындық ретінде жеке қатынас моделін түзе алуға дайын болу.

Психологиялық-педагогикалық білімдер жүйесі жоғары деңгейдегі кәсібиліктің теориялық негізін құрайды. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде мұндай жүйелі білімдердің табиғатын бірқатар ғалымдар Н.В.Кузьмина, В.В.Кузнецов, Г.И.Кругликов, Н.А.Морева, В.А.Сластёнин, И.Ф.Исаев, Е.Н.Шиянов, И.Я.Лернер, тағы басқалар зерттеген [1–6].

Психологиялық-педагогикалық білімдер жүйесі кәсіби құзыреттіліктің құрамдас бөлігі болып есептелінеді. Сонымен бірге олар *ғылыми-әдістемелік* құзыреттіліктің негізі ретінде де қарастырылады. Психологиялық-педагогикалық білімдердің кешенді жүйесінің ішінде әдістемелік құзыреттіліктің негізін қалайтын бірқатар бағыттарына тоқталып көрейік. Олар:

- педагогикалық мақсаттар мен міндеттерді қою;
- білімгерлерге ықпал ететін құралдарды таңдау және пайдалану;
- педагогикалық өзіндік талдау.

Оқытушының әдістемелік қызметтілігінің нәтижелілігі жалпы педагогикалық мәселелерді іскерлікпен негізгі шарттарға сәйкес нақтылауға байланысты болады. Әдетте, педагогикалық мәселелерді шешу бірнеше кезеңнен өтеді:

- аналитикалық (талдау) — қалыптасқан жағдайды талдау және бағалау, шешуге ұйғарылған мәселенің өзін құрылымдау;
- конструктивтік — оқу материалының мазмұнына және білімгерлердің қызметі мен дамуына сәйкес қойылған мәселені шешу тәсілдерін жоспарлау;
- орындаушылық — оқытушы білімгерлермен бірлесе отырып, өзінің іс-әрекетін жүзеге асыру.

Әдістемелік құзыреттілікті сипаттайтын тағы бір маңызды құраушы ол оқытушының педагогикалық ықпал ету тәсілін меңгеру болып есептелінеді. Педагогикалық әдебиеттерде мұндай ықпал етудің үш тобы қарастырылады. Олар:

1. Оқытушының оқу материалының мазмұнын іріктеуі, қайта өңдеуі және оны ұсынуы (бұны «нені оқыту» керек деп түсінеміз).
2. Білімгерлердің нақты мүмкіндіктерін және олардың психикалық дамуының жаңа деңгейін оқып-білу (бұны «кімді оқыту» керек деп түсінеміз).
3. Білімгерлерге әсер ету құралдарын, формалар мен әдістерін таңдау және қолдану (бұны «қалай оқыту» керек деп түсінеміз).

Әдістемелік қызметті жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері — күрделі ақыл-ой еңбегін талап ететін үдеріс. Мысалы, сабақтар жүйесін жоспарлап ұйымдастыру барысында оқытушы әдістемелік қызметін төмендегідей құраушы бағыттарына көңіл аударады:

- оқыту мазмұнын негізгі дидактикалық бірліктер арқылы ажыратып, ақпаратты ұсынудың логикалық құрамын дидактикалық бірліктердің ақпараттық сыйымдылықтарын және жалпы берілетін ақпаратты анықтап алады;
- сабақтың мақсаттарын (оқыту, дамыту, тәрбиелеу), құралдарын, формасы мен әдіс-тәсілдерін анықтайды;
- сабақтың құрылымын түзеді және оның әрбір кезеңдерінің микромақсаттарын анықтайды;
- микромақсаттардың орындалу тәсілдерін ойластырады (формасы, әдістері, тәсілдері, көрнекілігі, сабақтың типі мен түріне, оның логикасы мен құрылымы қойылған мақсатқа сәйкестігі);
- студенттердің сабақ барысының әрбір кезеңіндегі іс-әрекет қызметін жобалай отырып, төмендегідей мәселелердерді шешуді көздейді:

а) студенттерді мақсаттылық үдерісіне қалай енуі керек және олардың іс-әрекетін кәсіби мәнді, танымдық ынтасын қалай қамтамасыз ету керек?

ә) студенттер қызметін қалай жандандыру керек?

б) ой және дене еңбегін қалай ұштастыру керек және олардың эмоционалдық көңіл-күйін қалай сақтау керек?

в) әрбір студенттің жеке-дара ерекшеліктерін, сұраныстарын, қызығушылықтарын, теориялық дайындықтарын ескере отырып, дифференциалды қатынасты қалай жүзеге асыру керек?

г) ашық сабақ өткізу барысында студенттердің бірлескен қызметін (формасы, әдістері) қалай ұйымдастыру керек?

ғ) сабақтың әрбір кезеңінде оқушының қызметі (репродуктивті, шығармашылық негізде) қалай ұйымдастырылуы керек?

у) сабақтар үдерісінде оқушылардың технологиялық іс-әрекеттерді меңгеруін қалай ұйымдастыру керек?

е) іс-әрекеттік қызметін орындау нәтижесінде өзін-өзі бақылау және өзіндік талдау үдерісін қалай ұйымдастыру керек?

ж) оқу қызметінің нәтижесін бақылау (кері байланыс), танымдық іс-әрекеттің нәтижелік деңгейін жетілдіру мәселесі қалай жүзеге асырылады?

з) сабақтың әрбір кезеңіне кететін уақытты есептей отырып, оның жоспар-жазбасын қалай құрылымдап түзеді?

и) қысқа және көрнекі формада үлкен көлемді ақпарат беруге мүмкіндік беретін сабақты оңтайландырудың оқыту құралдарын әзірлеуде нені басшылыққа алады?

к) сабақ мазмұнына сәйкес қажетті құрал-жабдықтар қалай іріктеліп таңдалады?

Таңдалған оқыту технологиясының тиімділігі бірқатар факторларға байланысты болады, олар педагогтың құзыреттілігі, өзінің қызметіне деген ынтасы, психологиялық дайындығы, оқу үдерісінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі т.б.

Әдістемелік білім меншігіндегі білімдер топтамасын құзыреттіліктер бойынша төмендегідей екі топқа бөліп қарастырылады. Олар:

1. Жалпы-әдістемелік білімдер.

2. Жеке-әдістемелік білімдер.

Бірінші топтағы әдістемелік білімдерге енетін білімдер топтамасы:

– пәннің тарихы, құрылымы мен дамуы және оқытылатын пәннің басшылыққа алынатын идеялары мен қағидалары жөніндегі білімдер;

– оқытылатын пәннің мақсаты мен міндеттері және пәнді оқыту әдістемесіндегі негізгі дидактикалық қағидалар мен олардың бір-бірімен байланысын анықтайтын білімдер;

– оқу пәнінің мазмұны және оның жалпы құрылымы мен пәнді оқыту үдерісінде пайдаланылатын пәнаралық байланыстар және оны жүзеге асыру жолдары жөніндегі білімдер;

– кәсіби білім, іскерлік, дағдыны қалыптастыру мен дамытудың әдістемесін және оқытылатын пәннің тәрбиелік-дамытушылық әлеуетін жетілдіру жөніндегі білімдер;

– оқыту әдістерінің жүйесін және олардың оқыту құралдарымен байланысы жөніндегі білімдер;

– әдістемелік тәсілдер жүйесін және оларды пайдаланудың тиімді жолдары мен оқыту құралдарының жүйесі жөніндегі білімдер;

– нақты мазмұнға сәйкес оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру формалары мен оқушылардың өзіндік жұмыстарының ролі мен мәнін және оларды ұйымдастырудың технологиясы жөніндегі білімдер;

– бақылауды ұйымдастыру және педагогикалық бағалау әдістері жөніндегі білімдер.

Жеке әдістемелік білімдерді біз төмендегідей тәсілдер бойынша топтастырдық.

– оқу жылына дайындықпен байланысты білімдер (бағдарлама мазмұнын, оқулықтар мен оқу құралдарының мазмұнын құзырлы талдау, оқу-материалдық базаны реттеу, оқушыларды танып-білу, ұзақ мерзімге жоспар түзу) топтамасы;

– оқыту тақырыбына дайындықпен байланысты білімдер (тақырыптың логикалық құрылымын талдау; міндеттерді нақтылау; оқыту түрін таңдау; оқыту әдістерін іріктеу; оқу сабақтарының жүйесін түзу; пайдаланылатын міндетті және қосымша әдебиет тізімін анықтау; тақырыптық жоспар түзу) топтамасы;

– нақты сабаққа дайындалумен байланысты білімдер (лекция, семинар, практикалық және зертханалық жұмыстарды дайындауға қойылатын талаптар, жалпы дидактикалық талаптар, әдістемелік талаптар, сабақтың мақсаты мен міндеттерін анықтауға қойылатын талаптар, оқыту мазмұнын іріктеу және қайта өңдеу, сабақтың құрылымы мен әдістемесін түзу, оқу материалын қабылдау мен алғашқы бекітуді ұйымдастыру) топтамасы.

Әдістемелік құзыреттілік құрылымында кәсіби білімдермен қатар міндетті түрде кәсіби іскерліктерде қарастырылады. Жалпы педагогика практикасында орасан көп педагогикалық іс-әрекетті санаулы ғана негізгі іскерліктер қалыптастырады. Олар: ұйымдастырушылық, гностикалық, конструктивтік, қабылдаушылық және коммуникативтік. Бұлар педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде [1–2, 4] жан-жақты сипатталған.

Оқытушылық қызметті жүзеге асыру барысында объективті қажеттілікті керек ететін бірқатар іскерліктерді атап көрсетейік. Оларды төмендегідей үш топқа бөлуге болады:

Бірінші топ. «Нені оқыту» керек, яғни, оқу материалының мазмұнымен жұмыс істей алу іскерлігі (жаңа оқыту технологиялары мен тұжырымдамалары жөніндегі мағлұматтарға қанық болуы, түрлі ұғымдарды, ғылымның белгілі бір саласындағы пікірталастарды пайдалана отырып, оқу материалдарындағы түйінді идеяларды ажырата алу іскерлігі); газет-журналдардан алынған ақпараттарға педагогикалық тұрғыдан талдау жасау қабілеттілігі; оқушылардың жалпыоқулық және арнайы іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру, пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру іскерліктері.

Екінші топ. «Кімді оқыту» керек, яғни, оқушылардың жекелеген психикалық функцияларының жағдайларын оқып-үйрену іскерлігі (жады (есте сақтауы), зейіні, ойлауы, түйсігі т.б.) және қызмет түрлерінің бүтіндік сипаттамасы (оқу, кәсіби оқып үйренгендігі және тәрбиелілігі) білімгерлердің шынайы оқу мүмкіндіктері, тұлғалық сапалары мен оқу үлгерімін ажырата білуі, іскерлігі, білімгердің нақты білім деңгейімен қатар, оның болашақтағы дамып өсу деңгейін анықтай алатын іскерліктері; оқу үдерісін ұйымдастыру және жоспарлау барысында білімгерлердің өзіндік мотивациясын есепке алу іскерлігі.

Үшінші топ. «Қалай оқыту» керек, яғни, оқу тәрбие жұмыстарының формасы мен әдістерін бірізділікте іріктеп пайдалана алу, оқытушы мен оқушының уақытын және жұмсайтын күшін есепке алу іскерлігі; педагогикалық жағдайларды салыстыру және қорытындылау іскерлігі; әдістемелік тәсілдерді басқа ситуацияларға ауыстыра алу және оларды біріктіре алу іскерлігі, оқушыларға дифференциалдық және жеке-дара қатынастарды пайдалана алу, олардың өз бетінше жұмыс жасау қызметін ұйымдастыру іскерлігі; бір педагогикалық мәселені шешудің бірнеше тәсілдерін таба білу іскерлігі.

Жалпы, оқытушының әдістемелік құзыреттілігінің дамуы мен қалыптасуы оның жеке тұлғалық сапаларына байланысты екендігін ескертеді. Соған сәйкес жоғарғы оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінің педагогикалық теориясы мен практикасына маңызды өзгерістер енгізілуімен жүзеге асырылуда. Білім беру парадигмасы ауысуда, яғни, жаңа мазмұндық және процессуалдық өзгерістер ұсынылуда. Сондықтанда жоғары педагогикалық білім беруді модернизациялаудың бір тармағы болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған ұстанымдарды жүзеге асыру көзделуде. Себебі түрлі оқыту пәндері бойынша заманауи білім беру мазмұнын білімгерлерге нәтижелі және тиімді меңгерту оқытушының жоғары деңгейде қалыптасқан әдістемелік құзыреттілігіне сәйкес жүзеге асатындығын тәжірибе көрсетуде.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Методика профессионального обучения с практикумом: учеб. пос. для студ. высш. учеб. зав.; под ред. Г.И. Кругликова. — М.: Академия, 2007. — 288 с.
- 2 Технологии профессионального образования: учеб. пос. для студ. высш. учеб. зав.; под ред. Н.А.Моревой. — М.: Академия, 2005. — 432 с.
- 3 Дидактические основы методов обучения; под ред. И.Я.Лернер. — М.: Педагогика, 1981. — 186 с.
- 4 Профессионализм деятельности преподавателя и мастера производственного обучения профтехучилища; под ред. Н.В.Кузьминой. — М.: Высш. шк., 1990. — 119 с.
- 5 Введение в профессионально-педагогическую специальность: учеб. пос. для студ. высш. учеб. зав.; под ред. В.В.Кузнецова. — М.: Академия, 2007. — 176 с.
- 6 Сластёнин В.А. Педагогика: учеб. пос. для студ. высш. учеб. зав. / В.А. Сластёнин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов. — М.: Академия, 2002. — 576 с.

М.Ю. Камалов, Ю.Н. Камалов

Методическая компетентность педагога и пути её совершенствования

В статье рассмотрены вопросы формирования методической компетентности педагога и пути ее совершенствования. Методическая деятельность (моделирование, проектирование, конструирование, дидактическое обеспечение учебного процесса) в статье показана как отдельный вид профессиональной деятельности, который можно совершенствовать. Подробно изложены функциональные характеристики методической деятельности педагога, раскрыты содержательные составляющие его методической компетентности — предметные, психолого-педагогические и научно-методические зна-

ния. Выделены виды методических знаний, которые составляют основу методической компетентности. Подробно описаны общеметодические знания, включающие в себя общие структуры методики изучаемого предмета, руководящие идеи, формы, методы, принципы, системы, а также средства формирования и развития профессиональных знаний, умений и навыков. Авторами описаны частно-методические знания, рассматривающие структуру, содержание и методику конкретной изучаемой темы исходя из целей и задач учебного процесса. Наряду с методическими знаниями рассмотрены методические умения, являющиеся одними из основных компонентов методической компетентности. Методические умения позволяют педагогу быстро и качественно проектировать, конструировать и структурировать содержание изучаемого материала исходя из целей и задач.

Ключевые слова: методическая компетентность, предметное знание, методические знания, методические умения, функции методической деятельности, общие методические знания, частно-методические знания.

M.Yu. Kamalov, Yu.N. Kamalov

Teacher's methodical competence and it's problems of perfection

In the article is expounded teacher's methodical activity and the ways of its perfection. Methodical activity (Modeling, projecting, constructing didactic providing of teaching process) is considered as separation type of professional competence which we can perfect. In the article also in detail is expounded functional characteristic of teacher's methodical activity. It is revealed rich in content of teacher's methodical competence as subject psycholo-pedagogical and science-methodical knowledge. It is detailed two types of methodical knowledge taking down on the basis of methodical competence. In the content of the article is expound in detail general methodical education, including general structure of methods of the studied subject, governing ideas, forms methods, principles, system and facilities of formiration and development, professional knowledge, skills. In the article also is expound privately - methodical knowledge of considering structure, contents u methodic of specific studied theme based on aims and tasks of the educational process. In the content of the article is along with methodical knowledge is considered and methodical skills which are one of the basic components of methodical competence. As is known methodical skills allow teacher fast and qualitatively design, construct, structure the content of the studied materials based on objectives and tasks.

Keywords: methodological competence, subject knowledge, methodological knowledge, methodical skills, functions of methodical activity, general methodological knowledge, methodological knowledge in particular.

References

- 1 Kruglicov, G.I. (Eds.). (2007). *Metodika professionalnoho obuchenii s praktikumom [Methodic of professional teaching with practice]*. Moscow: Academia [in Russian].
- 2 Moreva, N.A. (Eds.). (2005). *Tekhnologii professionalnoho obrazovaniia [Technology of professional teaching]*. Moscow: Academia [in Russian].
- 3 Lerner, I.Ya. (Eds.). (1981). *Didakticheskie osnovy metodov obuchenii [Didactic basis of teaching methods]*. Moscow: Pedagogika [in Russian].
- 4 Kuzmina, N.V. (Eds.). (1990). *Professionalizm deiatelности преподаvatelia i mastera proizvodstvennoho obuchenii proftekhichilishcha [Professionalism of teacher's activity and master of vocational school production teaching]*. Moscow: Visshaya shkola [in Russian].
- 5 Kuznetsov, V.V. (Eds.). (2007). *Vvedenie v professionalno-pedahohicheskuiu spetsialnost [Introduction in professional - pedagogical specialty]*. Moscow: Academia [in Russian].
- 6 Slastenin, V.A., Isaev, I.F. & Shiyanov, E.N. (2002). *Pedahohika [Pedagogic]*. Moscow: Academia [in Russian].